



XFTAMP 11.25.67

Ж.Ә. Жұмағалиева,  
Г.У. Биримкулова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>zhumagalieva2101@mail.ru, <sup>2</sup>birimkulova\_gu@enu.kz)

## ҚХР мен ЕО қарым-қатынастарындағы инвестициялық мәселелер

**Аңдатпа.** Мақалада Қытай Халық Республикасы (әрі қарай ҚХР) мен Еуропалық Одақ (әрі қарай ЕО) мүше елдері ынтымақтастығындағы тікелей инвестицияның атқаратын рөлі талқыланады. Қытайдың жаһандық инвестор және қаржыгер ретіндегі рөлі соңғы онжылдықтарда жылдам өсті. Екіжақты инвестициялық келісім әр тарап үшін де кең мүмкіндіктер ашады. Қазіргі таңда бұл саладағы ынтымақтастық мемлекеттер арасында екіжақты келісімдермен реттеледі. Соған қоса, бүгін Қытай өзінің соңғы мақсатының бірі Еуропа болып табылатын «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ілгерілетуді күшейтіп жатыр. Дегенмен, Қытайдың ЕО-қа инвестициясының біршама артуы көптеген пікірталас тудырды. Оның ішінде Қытайдың еуропалық экономиканы басып алуға ұмтылысы туралы баса айтылады. Жұмыстың мақсаты – Қытай және Еуропалық Одақ елдерінің инвестициялық саясатын талдап, оның ерекшеліктерін айқындау. Мақаланы жазу кезінде ғылыми зерттеулердің әдіснамасында сапалық, сандық және салыстырмалы талдаулары пайдаланылды.

Зерттеу барысында екі жақ арасындағы инвестициялық қарым-қатынастың даму тарихы зерттеліп, оның қазіргі жағдайы талданды.

Авторлардың назары соңғы жылдары Еуропалық Одақта Қытайдың ықпалын бәсеңдетуге арналған «Жаһандық қақпа» бастамасына бағытталған. Бұл жұмыс Қытайдың Еуропадағы инвестициясы мен Қытайдың аймақтағы ықпалы арасындағы байланысты мұқият тексеруге арналған.

**Түйін сөздер:** Қытай, Еуропалық Одақ, инвестициялық келісім, «Бір белдеу, бір жол», «Жаһандық қақпа», «16+1».

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-211-222>

Түсті: 22.12.2022 / Жариялауға қабылданды: 10.04.2023

### Кіріспе

Қытайдың соңғы онжылдықтағы керемет экономикалық өрлеуі оны әлемдегі екінші ірі экономикаға және Америка Құрама Штаттары (әрі қарай АҚШ) мен ЕО-мен бірге

жаһандық сауда ортасын қалыптастыратын және оған әсер ететін үш негізгі блоктың біріне айналдырды. Орасан зор шетелдік инвестицияның және инновациялық баспалдақпен жылдам көтерілудің арқасында

Қытайдың әлемдік экономикадағы орны жыл сайын күшейіп жатыр. Нәтижесінде АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленіс үдеп келеді және ЕО өзінің ең маңызды екі сауда серіктесі үшін тиісті іс-қимыл жоспарын әзірлеу қажеттілігіне көбірек тап болуда. Инвесторлар мен мемлекет арасындағы дауларды реттеу механизмі қазіргі уақытта сыртқы келіссөздер негізінде жасалған Аспан асты елі мен Еуропа елдерінде сауда-инвестициялық келісімдерінде өзекті мәселеге айналды. Соңғы жылдары екі тарап арасында екіжақты инвестициялық келісім, саяси экономикалық қарым-қатынас және жеке әртүрлі мүдделердің мәселелері ортақ шешімге жетпеді. Брюссель «Жаһандық қақпа» жобасын Пекиннің «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қарсы бағдарлама ретінде құрды, ал бұл Пекин өз экспорттаушыларын батыс нарықтарымен байланыстыру үшін пайдаланатын инфрақұрылымдық және көліктік жобалардың геосаяси маңызды желісі. «Жаһандық қақпа» стратегиясы ЕО құндылық дипломатиясының серпінін сақтау үшін идеологияны, ережелер мен стандарттарды, сондай-ақ демократиялық құндылықтарды сыртқы әлемге экспорттауға «жұмсақ күштің» бағдарын күшейтуге негізделген. Демократиялық құндылықтарға бағытталған «мүдделес» елдермен экономикалық және сауда қатынастарын сақтау және геэкономикалық ықпалды қайта құрылымдауды негізге алады. ЕО-ның геэкономикалық ықпалы «мүдделес» серіктес елдермен демократиялық құндылықтарға негізделген экономикалық және сауда серіктестіктерін жалғастыру арқылы өзгерді. ЕО шет елдерге «этикалық» инвестицияларды ұсынатын мәлімдей отырып, заң үстемдігі, адам құқықтары мен еңбекті қорғау салаларында жоғары стандарттарды талап етеді.

### Зерттеу әдістері

Нақты зерттеу мақаласында компаративті талдау ретінде салыстырмалы талдау жан-жақты қолданылған, зерттеу методологиясы сапалы және сандық талдау, салыстырмалы және ситуациялық талдау арқылы зерттеу. Осы әдістің көмегімен жұмыста әр түрлі теориялық және тұжырымдамалық тәсілдер қолданылды.

### Талқылау

Қытайдың шетелдегі инвестициясы өскен сайын екіжақты инвестициялық келісімдердің құрылымы да өзгеруде. 1990 жылдардан бастап Қытай халықаралық инвестициялық стандарттарға қатысты белсенді ұстанымды ұстанып, инвесторларға дауларды шешуде мүмкіндігінше көп процедуралық кепілдіктерді беруге назар аударды. Еуропалық қарыз дағдарысымен біріктірілген Қытайдан капитал экспортының өсу тенденциясы ЕО-ның Қытаймен арнайы екіжақты инвестициялық келісімге қол қоюға ұмтылуына әкелді, бұл бір жағынан Қытай инвестициясын көбірек тартады, ал екінші жағынан, келісімге қатысушы екі елдің инвесторлары үшін неғұрлым анық, сенімді және болжамды құқықтық базаны қамтамасыз етеді. Қытай мен ЕО арасындағы екіжақты инвестициялық келісім ЕО үшін маңызды болып табылатынын және оның шетелдегі қытайлық инвестициялардың ұлғаюы аясында келетінін ескере отырып, халықаралық инвестициялық келісімдердегі кейбір дәстүрлі инвестициялық ережелерді сақтап, инвесторлардың құқықтарына қолайлы және маңызды болып саналады. Өйткені, қазіргі халықаралық инвестициялық режим дәстүрлі инвестицияларды қорғау және реттеу тақырыптарынан әлдеқайда асып түсуге және жаңа мәселелерді ғана емес (қоршаған орта, еңбек және т.б.), бірақ либерализация ережелерінің деңгейі мен стандарттарын көтеру (мысалы, бәсекелестіктің бейтараптығы принципі және т.б.) мәселелері аясында іске асады. Бұл кеңірек мәселелер жаһандық инвестициялық ережелерді құрудың қазіргі буынының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және келіссөздерді бастаудан мәселелерді анықтау мен стандарттарды тұжырымдауға дейінгі үдеріс жаһандық инвестициялық басқарудағы үстемдік үшін таластың шарықтау шегіне жеткені анық. Келісім 2020 жылдың соңында, сегіз жылға жуық келіссөздерден кейін қол жеткізілді, бірақ Қытай Шыңжаңдағы жағдайға бойынша дауларға байланысты ЕО шенеуніктеріне санкция салған соң 2021 жылдың мамырында тоқтатылды [1]. Оны жақын арада ратификациялау екіталай болса да, жан-жақты инвестициялық келісімнің негізгі үлестері мен кемшіліктерін бағалау ЕО мен Қытай және «17+1» арасындағы

болашақ инвестициялық қарым-қатынасты бағдарлауда пайдалы үлгі болып табылады. Бірақ «17+1» елдерінің экономикаларының ашықтығын және олардың жұмыспен қамту және инфрақұрылымды дамыту үшін шетелдік инвестицияларға қатты тәуелділігін ескере отырып, бұл елдердің ЕО және Қытай инвестициялық саясатындағы соңғы оқиғалардың салдарын түсіну маңызды. Керісінше, Батыс Еуропа, соның ішінде Австрия, сондай-ақ жалпы ЕО үшін әлемнің ірі экономикаларымен, соның ішінде Қытаймен, өзара әрекеттесу үшін ортақ негіз табу үшін «17+1» елдері тап болған бірегей қиындықтарды ескеру керек. Нәтижесінде, Қытай мен ЕО арасындағы болашақ екіжақты инвестициялық келісім нысаны қандай болса да, олар тұрақты даму қағидаттарын ұстануға және қоршаған орта, денсаулық сақтау және ұлттық қауіпсіздік сияқты қоғамдық мүдделер салаларында мемлекеттік реттеудің белгілі бір деңгейін сақтауы қажет. Қытайлық екіжақты инвестициялық келісімнің жаңа буыны инвесторларды қорғау мен қабылдаушы елдің реттеу еркіндігі, сондай-ақ капиталды экспорттаушылар мен импорттаушылар арасындағы тепе-теңдікті сақтап қана қоймай, сонымен қатар дауларды шешудің нақты және реформаланған үдерісін қамтуы керек [2, 3 б.]. Басқаша айтқанда, Қытайдың ұлттық мүдделерінің, құндылықтарының және халықаралық инвестициялық құқықтағы күш-қуатының әлеуетіне сүйене отырып, Қытай халықаралық инвестициялық негізде өз елінің және олардың инвесторларының құқықтары мен мүдделерін қорғау мен мұқият теңестіретін ұстанымды ұстауы керек. Тек осылай ғана ол халықаралық инвестицияларды дамытуға және жаңа буынын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қоса алады.

Жалпы Қытай мен ЕО елдері арасындағы инвестициялар өнеркәсіптің кең ауқымын қамтиды. Қытай ЕО автомобиль өнеркәсібінің негізгі инвесторы болып табылады. Мысалы, Қытайдың «Geely Automobile Holdings» компаниясы неміс «Daimler AG» автоконцернінің үлесін сатып алса, ал «Great Wall Motors» болгариялық «Litex Motors» автомобиль компаниясына инвестиция салды. Қытай Еуропадағы жаңартылатын энергия секторына белсенді түрде инвестиция құюда. Оған қоса, қытайлық компаниялар Ұлыбритания

мен Португалия сынды елдердегі жел энергетикасы жобаларына қаржы бөлді. Телекоммуникацияға тоқ-талсақ, Қытайлық «Huawei Technologies» компаниясы Еуропадағы байланыс желілеріне арналған жабдықтың жетекші жеткізушісі болып табылады. Әртүрлі ЕО елдерінде 5G желілерін және басқа телекоммуникациялық жобаларды орналастыруға капитал салынды. Ал Қытайдың туризм индустриясы Еуропа үшін маңызды бола бастады. Қытайлық компаниялар қонақ үй нысандарын сатып алып, Еуроодақтағы туризм инфрақұрылымын дамытуға инвестиция салды. Қытай мен ЕО елдерінің осы салаларға басымдық беріп, оларға үлкен қаражат бөлуінің себептері әртүрлі. Біріншіден, инвестициялар Қытай мен ЕО елдері арасындағы сауда қатынастарын нығайтуға ықпал етіп, бұл экономикалық өзара тәуелділік пен өсуге оң әсер береді. Екіншіден, инвестициялар Қытай мен ЕО елдері арасында технология мен білім алмасуға мүмкіндік береді, технологиялық даму мен инновацияны ынталандырады. Үшіншіден, әртүрлі салалар мен аймақтарға инвестициялау қауіп-қатерді азайтуға және тұрақты экономиканы құруға көмектеседі. Тәуекелді әр тараптандыру Қытай мен ЕО елдері арасындағы инвестицияның негізгі уәжінің бірі болып табылады. Әртүрлі салалар мен аймақтарға инвестициялау белгілі бір секторға немесе нарыққа тәуелділікті азайтуға, сондай-ақ экономикалық жағдайдың немесе саясаттың өзгеруіне байланысты төнген қауіптерді азайтуға көмектеседі. Мысалы, егер бір сала немесе нарық қиналып жатса, инвесторлар ықтимал шығындарды өтеу үшін неғұрлым тұрақты немесе дамып келе жатқан секторларға сене алады. Бұл әр тараптандыру неғұрлым тұрақты инвестициялық жинақ құруға көмектеседі. Қытай мен ЕО елдері халықаралық нарықтардағы қатысуын кеңейту үшін географиялық әр тараптандыруға ұмтылуы мүмкін. Бұл жекелеген аймақтарға тәуелділікті және нақты елдердегі саяси немесе экономикалық тұрақсыздыққа байланысты тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, тәуекелді әр тараптандыру – ықтимал шығындарды басқару және азайту, тұрақтылықты жақсарту және Қытай мен ЕО арасындағы күшті экономикалық байланыстарды құрудың стратегиялық тәсілі.

Бұлайша Қытай мен ЕО арасындағы инвестицияның әлеуеті орасан зор. 2019 жылы Қытай мен ЕО-27 елдерінің жиынтық жалпы ішкі өнімі 30 триллион АҚШ долларына жетті, бұл дүние жүзіндегі жалпы көлемнің шамамен 34%-ын құрайды. Дегенмен, осы экономикалық ауқыммен салыстырғанда, екіжақты инвестиция әлі де өте аз: 2001 және 2019 жылдар аралығында Қытайға ЕО-ның жиынтық нақты инвестициясы 110 миллиард АҚШ долларынан асты, ал Қытайдың ЕО-ға мүше мемлекеттерге жинақталған инвестициясы шамамен 94 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл Қытайдың жалпы шетелдік инвестициясының небәрі 4,3%-ын құрады [3, 3 б.]. Жалпы Ортақ келісімдерге қол қою Қытай мен Еуропа арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге, ашық экономикалық жүйені дамытуға және жаһандануды ілгерілетуге ықпал етеді. Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісім әсіресе төменде көрсетілген салаларда инвестициялық келешекті арттырады деп күтілуде.

Көлік өнеркәсібі тұрғысынан ЕО-ның Қытайға салған инвестициясының жартысы өндіріске, ЕО мәліметтері бойынша 28%-ы автомобильге тиесілі [3, 13 б.]. Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісім автомобиль секторын ырықтандыруды жеделдетеді. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясы кезінде бірқатар жаһандық автомобиль компанияларының өнеркәсіптік тізбектеріне профилактикалық және бақылау шараларының әсері компанияларды өздерінің өнеркәсіптік тізбектері үшін қауіпсіз жеткізу тізбегі қажеттілігін қайта қарауға мәжбүр етті. Тауар жеткізілімі тұрғысынан Қытай көш бастап тұр. Қытайдың жан-жақты өнеркәсіптік құрылымы мен тиімді өндірістік мүмкіндіктері автомобиль өнеркәсібі сияқты күрделі өндіріс салаларына өте тартымды. Сонымен қатар, Қытай жаңа энергетикалық көліктер үшін әлемдегі ең үлкен нарық болып табылады және Қытай үкіметінің бұл салаға қолдау көрсетуі артып келеді. Болған індеттің әсеріне қарамастан, Қытайда жаңа энергетикалық көліктердің сатылымы 2020 жылдың қараша айындағы жағдаймен салыстырғанда 3,9%-ға өсті, бұл сол кезеңдегі жеңіл көліктер сатылымының жалпы өсу қарқынынан әлдеқайда жоғары [4]. Яғни, нарықтың үлкен көлеміне байланысты еуропалық автоөндірушілер Қытайдағы жаңа

энергетикалық көліктерге инвестицияны көбейтті.

Ұзақ мерзімді өсу тұрғысынан келісім Қытай қол қойған басқа экономикалық және сауда келісімдерімен салыстырғанда жаңашыл болып табылатын қоршаған ортаны сақтау және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау шараларын қамтиды. Қоршаған ортаны қорғауды күшейту және еңбекті басқаруды жақсарту Қытайдың ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес келеді, Қытайдың жаңа өсу үлгісін алға жылжытады. Қытай мен Еуропа ұзақ мерзімді даму мақсаттарын қолдайтын инвестицияны ынталандырады, инвестиция тарту мен қоршаған орта мен еңбек құқықтарын сақтау арасындағы байланысты қарастырады және тиісті халықаралық келісімдерді ұстанады.

Қаржы саласына тоқталсақ, Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісім Қытайдың қаржы саласын одан әрі дамытады, ал еуропалық банктер, сақтандыру компаниялары, мүлікті басқару фирмалары және басқа да қаржылық фирмалар Қытайда тезірек дамиды деп болжануда. Банктерге келетін болсақ, Қытайдағы шетелдік банк активтері 2020 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша 4,6 триллион юаньға жетті, бұл 2010 жылмен салыстырғанда шамамен 3 триллион юаньға көп, бірақ 291 триллион юань болатын Қытай банкінің жалпы активтерімен салыстырғанда әлі де салыстырмалы түрде аз [3, 20 б.]. Қытай сонымен қатар өзінің құнды қағаздары мен қор нарығының ашықтығын арттыруды, сондай-ақ басқа халықаралық қаржы нарықтарымен байланысын кеңейтуді, қаржы нарықтарының өтімділігін арттыруды және еуропалық инвесторлардың облигациялар мен акцияларға инвестициялауын жеңілдетуді жалғастырады. Сонымен қатар, Қытай халқының медициналық қажеттіліктерінің өсуі аясында Қытай мен ЕО жекеменшік ауруханаларға шетелдік инвестицияға рұқсат берді.

Нарыққа қол жеткізуден басқа, халықаралық инвесторлар әділ ойынға қызығушылық танытады. Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық пакт алғаш рет мемлекеттік фирмалардың ашықтығы мен субсидиялар сияқты шараларды қамтиды. Бұл келісімдер іскерлік ахуалды одан әрі заңдастырып, шетелдік инвесторлардың Қытайға деген сенімін

нығайтады. Мемлекеттік фирмалар Қытай экономикасында маңызды рөл атқарады. Қытай мен Еуропаның мемлекеттік компанияларға қатысты маңызды мәселелер бойынша қол жеткізілген келісімі Қытайдың мемлекеттік компанияларды реформалауға дайындығын және ашықтыққа баса назар аударатынын көрсетеді. Бұл Қытайда неғұрлым әділ бизнес ахуалын құруға және елді халықаралық инвестиция үшін тартымды етуге көмектеседі. Қытайдың жоғары деңгейдегі халықаралық бәсекелестікке белсенді қатысуы ұзақ мерзімді стратегия мен даму мақсаттарына сәйкес келетін ішкі нарықты реформалауға жәрдемдеседі. Атап өтерлігі, бәсекелестік жағдайдың тең болуы мемлекеттік компаниялардың, шетелдік инвесторлардың, жеке экономиканың және барлық басқа кәсіпорындардың бірдей нарықтық жағдайда болуын білдіреді, бұл жеке кәсіпорындардың сенімін нығайтуға және жеке экономиканың дамуын ынталандыруға көмектеседі.

Соңғы онжылдықтарда Қытай мен ЕО арасында тығыз экономикалық байланыс орнатылып, олардың арасындағы инвестиция айтарлықтай өсті. Екі жақ сауда, өндіріс, ақпараттық технологиялар, автомобиль жасау және т.б. көптеген салаларда ынтымақтасады. Сондай-ақ олар бірқатар келісімдерге қол қойып, Қытай-ЕО саммиті сияқты форумдарда ынтымақтасады. Дегенмен, соңғы жылдары екі тарап арасындағы сауда даулары, нарыққа қол жеткізудегі теңсіздіктер, зияткерлік меншікті қорғау және киберқауіпсіздік сияқты әртүрлі мәселелерге байланысты қарым-қатынастар шиеленісе түсті. Бұл мәселелер екі тарап арасындағы саудаға тарифтер мен басқа да шектеулердің енгізілуіне әкелді.

«Жаһандық қақпа» саясаты – ЕО-ның терең күрделі халықаралық және аймақтық оқиғалар жағдайында сыртқы байланыстар бастамаларын күшейту арқылы өзінің экономикалық және геосаяси кемшіліктерін жою әрекеті. Бұл жоспарды жүзеге асыру бірқатар қиындықтарға тап болады, бірақ оның «Бір белдеу, бір жол» бастамасына ықтимал әсерін елемеуге болмайды. Стратегия ЕО-ның әртүрлі дамуға көмек ресурстарын біріктіреді және 2027 жылға қарай Шығыс Еуропа, Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (АСЕАН) сияқты ЕО серіктес

елдеріндегі инфрақұрылымды дамытуға инвестициялау үшін 300 миллиард еуро тарту мақсатында жаһандық байланыста жүйелі ынтымақтастық бағдарламасын ұсынады [5]. Бұл саясат сыртқы экономикалық ынтымақтастық бастамасы ретінде ЕО-ның бұрынғы байланыс келісімдеріне қарағанда нақтырақ болып келеді. Украинадағы қазіргі дағдарысы Еуропаның экономикалық тәртібі мен қауіпсіздігіне үлкен әсер етті, еуропалық басқарудың көптен бергі мәселелерін шиеленістірді, интеграциялық теңгерімсіздік дамып, экономикалық қуат төмендеуде. Ұлы державалар арасындағы бәсекелестіктің күшеюі және геосаясаттың қайта оралуы Еуропада стратегиялық алаңдаушылық тудырып, өзгерістердің маңыздылығын көрсетті. Өзінің геэкономикалық және геосаяси ықпалын қайта құру үшін ЕО идеологияның, ережелердің экспортына және «жұмсақ күш» бағытын күшейте отырып, бұрынғы қосылу бағдарламаларында орнатылған «қатты қуат» инфрақұрылымдық негізін қолдайтын «Жаһандық қақпа» стратегиясын іске қосты. Сонымен бірге, ЕО «Жаһандық қақпа» стратегиясы серіктес елдермен олардың экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктеріне негізделген тең құқылы қарым-қатынастарды қалыптастыратынын және дамудың барлық кезеңінде олармен диалог пен ортақ келісімдерді қолдайтынын дәлелдей отырып, ынтымақтастық процесінде «теңдік пен қауіпсіздікке» ерекше мән береді. «Жаһандық қақпа» тәсілі серіктес елдің экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктеріне негізделген серіктес елмен тең құқылы серіктестікке негізделген. Оған қоса, «Жаһандық қақпа» жобасы азаматтар мен мекемелерді негізсіз бақылаудан қорғау үшін «сенімді» инфрақұрылымды қамтамасыз етеді, сондай-ақ серіктес елдің табиғи және техногендік апаттарға, кибер және гибридті қауіптерге, экономикалық қауіптерге ден қою мүмкіндігін айтарлықтай арттыруға негізделген. Жаһандандудың, аймақтандырудың және ақпараттық технологиялардың ұдайы дамуымен геосаяси бәсекенің мәні аумақтық бәсекелестіктен жаһандық жеткізу тізбегіндегі бәсекелестікке, энергетикалық нарықтарға, қаржыға, технологияға және таланттар ағынына, сонымен қатар өзара байланыстың басқа салаларына ауысуда [6]. Жолдар, темір


жолдар, интернет сияқты инфрақұрылымдық өзара байланыс саяси шекаралардан асып, күрделі географиялық заңдылықтар мен саяси-географиялық кедергілерді оңай еңсере отырып, экономикалық факторлардың жаһандық ағынына ықпал етіп, тиімді ресурсқа қол жеткізе отырып, жаһандық дамудың іргелі парадигмасына айналды.

ЕО алдында тұрған ішкі және сыртқы сын-қатерлер соңғы жылдары геосаяси алаңдаушылықтар сияқты күрделене түсті және әр тараптандырылды. Қытай мен АҚШ-тың қауіп-қатеріне жауап беру және Еуропаны «полюстердің» тарихи жаулап алуын болдырмау үшін ЕО саяси Еуропа құру және «егеменді, біртұтас және қауіпсіз Еуропаны» дамытуға негізделген стратегиялық автономияға қол жеткізу бойынша күш-жігерін арттырды. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен АҚШ-тың жаһандық ыстық нүктелерге инвестициялауды жалғастырып жатқан «Жақсы әлемді қайта құру» бастамасы аясында ЕО және оған мүше мемлекеттердің Африка, Таяу Шығыс, Орталық Азия, Үнді-Тынық мұхиты және басқа аймақтар жиі әлсіреп, ЕО-ның тиісті аймақтардағы геосаяси ықпалына нұқсан келтіреді. Нәтижесінде ЕО-ның бұл аймақтардағы саяси ықпалы зардап шекті. Геосаясатты қайта анықтауға деген ұмтылысына жауап ретінде ЕО дамушы елдермен және аймақтармен экономикалық және сауда байланыстарын жаңарту, сондай-ақ шиеленіс нүктелердегі қатысуын және жаһандық стратегиялық ықпалды сақтау тәсілі ретінде өзінің жеке байланысын арттыруға ниетті.

ЕО әрқашан еркін сауданы өзінің негізі бағыттарының бірі ретінде қарастырады және көпжақты, экономикалық жаһандандудың

белсенді қатысушысы және жаһандық экономиканың көрнекті ойыншысы болуға ұмтылады. Дегенмен, Қытай сияқты дамып келе жатқан экономикалардың пайда болуымен ЕО-ның жаһандық экономикадағы салмағы, ең алдымен, оның әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі және халықаралық сауда мен инвестициядағы үлесі бойынша төмендеуі жалғасуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД) деректер жинағының 2015 жылғы статистикасына сәйкес, 2000 жылы ЕО және АҚШ-тың әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі 28,07% құрады, ал Қытайдың әлемдік ЖІӨ үлесі небәрі 5% болды, 2019 жылы ЕО, АҚШ және Қытай ЖІӨ-нің әлемдік үлесі тиісінше 21,22%, 23,86% және 17,02% құрады. Сонымен қатар, ЕО-ның әлемдік экспорттағы үлесі 2000 жылғы 38,02%-дан 2019 жылы 33,10%-ға, яғни 20 жылда 4,92%-ға төмендеді, ал АҚШ-тың үлесі небәрі 3,48%-ға қысқарды, ал Қытай 9,28%-ға өсті [3, 5 б.]. Төмендегі диаграммада 2011 жылдан 2021 жылға дейін ЕО мен Қытай арасындағы экспорт, импорт және сауда теңгерімі көрсетілген. 2011 жылы ЕО Қытаймен 129 миллиард еуро сауда теңгерімі тапшылығына ие болды. Сауда тапшылығы бүкіл кезең бойы сақталып, 2021 жылы 249 миллиард еуроға жетті. Қытайға экспорт пен импорт 2011 және 2021 жылдар арасында өсті. ЕО-ның Қытайға экспорты 2021 жылы ең жоғары (223 миллиард еуро) және 2011 жылы ең төмен (127 миллиард еуро) болды. ЕО-ның Қытайдан импорты 2021 жылы ең жоғары (472 миллиард еуро) және 2013 жылы ең төмен (239 миллиард еуро) болды [7]. Осы тауар саудасының статистикалық мәліметтен екі тараптың 2011 жылдан 2021 жылға дейінгі тауар көлемінің серпінінінің жылдан жылға өсуін қарастыруға болады.

Диаграмма 1. Еуропалық Одақтың Қытаймен тауар саудасы, 2011-2021 жж.



Дереккөз: Eurostat (Қытай-ЕО – халықаралық тауар саудасының статистикасы), 2022 ж.

Экономикалық жаһандандудың жағымсыз салдары ЕО-да барған сайын байқала бастады. Соңғы жылдары экономикалық жаһанданду, технологиялық интеграция және жаһандық құн тізбегінің дамуы еуропалық экономика мен қоғамға көбірек әсер етіп, сыртқы нарықтарға шектен тыс тәуелділікте, өнеркәсіпте бәсекелестік артықшылықтардың жоғалуында және теңсіздіктің өсуінде көрініс тапты. Елде жаһандандуға қарсы көңіл-күйдің өсуімен ЕО-ның геоэкономикалық мәселелері алға шығады және дамушы елдермен экономикалық және сауда қарым-қатынастарын сақтау және оның жаһандық экономикалық әсерін қайта анықтау үшін ынталандыруды пайдалану өте маңызды. «Жаһандық қақпа» стратегиясы 2021 және 2027 жылдар аралығында жалпы сомасы 300 миллиард еуро инвестиция тартуды көздейді, алайда қосымша қаржыландыру арналарын дамыту қиын, ал нақты қаржыландыру схемасы әлі іске асырылған жоқ, төлем және пайдалану мәліметтері жарияланбаған, және инвестиция көлемі әзірге белгісіз жағдайда тұр.

### Нәтижелер

«Бір белдеу, бір жол» бастаманың басынан бері Қытай белдеу бойындағы елдермен «ортақ бизнес, ортақ құрылыс және бөлісу» тұжырымдамаларына негізделген өзара тиімді және ұтысқа негізделген ынтымақтастықты ілгерілету үшін жұмыс істеп келеді. Еуропа маңызды жаһандық нарық және өнеркәсібі дамыған елдер үшін кездесу орны ретінде ұзақ уақыт бойы «Бір белдеу, бір жол» бастамасының негізгі бағыттарының бірі болды. Еуропалық аймақта «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының кеңінен еңгізілуі, халықаралық ортадағы және Еуропадағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің өсуімен қатар, ЕО бірте-бірте бұл бастамаға қатысты екіұшты позицияны қалыптастырды. ЕО-ның «Жаһандық қақпа» жоспарының көптеген аспектілері Қытайға бағытталған және Еуропалық комиссия төрағасы Урсула фон дер Ляйен «Жаһандық қақпа» стратегиясы «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасына «шынайы балама» болатынын ашық айтты [8]. Себебі, ЕО көптен бері «Бір белдеу, бір жол» бастамасына

қатысты екіұшты пікірде болды және Италияның екіжақты инвестициялық келісім туралы меморандумына қол қоюы және Греция елінің 2019 жылы Қытай-Орталық және Шығыс Еуропа ынтымақтастығына кіруі еуропалық сезімталдықты арттырды. Италияның «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бойынша өзара мәміле туралы меморандумға қол қоюы, сондай-ақ Греция елінің 2019 жылы Қытай-Орталық және Шығыс Еуропа ынтымақтастығына қосылуы еуропалықтарға жақсы әсер тигізбеді. Кейбір сарапшылар «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының ЕО-ға әсері артып келе жатқанын және Қытай мен Орталық Азиядағы ынтымақтастық Еуропаның Орталық және Шығыс Еуропадағы инфрақұрылымды құру және Пекин заңдары мен даму үлгілерін импорттау тәсілі екенін атап көрсетеді. Еуропалық қауіпсіздік жүйесіне, стандарттар мен нормаларына теріс әсер берді. Еуропа үшін «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Африка мен Батыс Балқанда қарқын алып, инфрақұрылымдық жобалардың көбеюіне мұрындық болып, ЕО-ның аймақтағы экономикалық және әлеуметтік мүдделеріне нұқсан келтіруде. Осыны ескере отырып, ЕО-ның Брюссель талдау орталығы «Жаһандық қақпа» саясаты әу бастан «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасына тікелей әсер болғанын біржақты мәлімдеді [9]. «Жаһандық қақпа» стратегиясы құндылық көшбасшылығы мен жоғары стандарттарға баса назар аударады және оны жүзеге асыру ережелері «Бір белдеу, бір жол» бастамасына жиі сілтеме жасайды. Яғни, орта және ұзақ мерзімді келешекте «Жаһандық қақпа» жобасы тиісті аймақтардағы «Белдеу мен жол» құрылысына үлкен қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы Қытай-ЕО арасындағы инвестицияға әсерін тигізді. 2018 жылдың шілдесінде АҚШ шамамен 34 миллиард долларлық Қытай импортына баж салығын енгізді. Бұған жауап ретінде Қытай да АҚШ-тың кейбір тауарларына баж салығын енгізіп, одан кейінгі жылдары тарифтік шаралар жалғасты, олар барған сайын көбірек тауар топтарын қамти отырып, дүниежүзілік сауданың құлдырауына әкелді. Бұл сауда даулары мен АҚШ-Қытай сауда қатынастарындағы белгісіздік Қытай мен ЕО арасындағы инвестицияға кері әсер етті. Қытай компаниялары сауда кедергілері мен нарыққа қол жеткізуге шектеулердің өсуіне

тап болды, ал еуропалық компаниялар да жаһандық сауда жағдайының тұрақсыздығына байланысты белгісіздік пен тәуекелдерді бастан кешірді.

Жылдар бойғы қажырлы күш-жігерден кейін «Бір белдеу, бір жол» бастамасы өзінің маңызды ауқымы мен артықшылықтарын көрсетті: көптеген маңызды инфрақұрылымдық жобалар жол бойындағы елдер мен аймақтарда тамыр жайып, барлық елдердегі адамдарға айтарлықтай пайда әкелді. 2019 жылы ЕО Қытайға қатысты саясатын қатты өзгертіп, үш ұстанымды - ынтымақтастық және келіссөздер бойынша серіктес, экономикалық бәсекелес және институционалдық қарсылас ұстанымын қабылдады. «Жаһандық қақпа» тәсілі Қытайдың ЕО саясатындағы «институционалдық бәсекеге» баса назар аударады, бұл «Қытаймен институционалдық қақтығыстарда артықшылыққа қол жеткізу» стратегиялық мақсатына сәйкес келеді [10]. «Бір белдеу және бір жол» бастамасының халықаралық ықпалын сейірту үшін ЕО адам құқықтары мен еңбекті қорғау сияқты идеологияларға баса назар аудара отырып, өзінің геэкономикалық мүдделеріне қызмет ететін эксклюзивті жаһандық желі құруға негізделген.

Қалай болғанда да, Қытай Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен ынтымақтастықты дамытуға күш салуда. 2012 жылы Варшавада өткен саммитте «16+1» платформасы құрылып, бұл Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасын қолдауды білдірді. Осы бастама аясында Қытайдың қатысуымен бірқатар логистикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, Хорватиядағы Пельесак көпірі, Польшадағы Хута Сталова Вола құрылыс жабдықтары зауытының құрылысы және т.б. Бұл жобалар шамамен 8 миллиард доллар қытайлық инвестицияны жинақтайды, бірақ бұл ЕО-ға кірмейтін Орталық Шығыс Еуропа елдері үшін ғана маңызды платформа болып табылады. Осы себепті осы тұғырнама Еуропалық Одақ тарапынан сынға ұшырайды, өйткені ол еуропалық бірлестіктің бірігуіне және Қытаймен қарым-қатынаста «бірыңғай майдан» ретінде әрекет ету мүмкіндігіне нұқсан келтіреді. ЕО-ның кейбір инвестициялық стандарттары, мысалы, ірі инфрақұрылымдық жобаларға ашық тендерлер Қытайға «16+1» мүшелері болып табылатын ЕО-ға мүше елдерге инвестиция көлемін ұлғайтуды қиындатады.



«COVID-19» пандемиясы Қытай мен ЕО арасындағы инвестицияға айтарлықтай ықпал етті. Біріншіден, тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) төмендеді. 2020 жылы Қытайдың ЕО-дағы ТШИ өткен жылмен салыстырғанда 45%-ға азайып, шамамен 5 млрд долларды құрады. Бұл белгісіздікке, сұраныстың төмендеуіне және пандемияға байланысты адамдар мен тауарлардың қозғалысына шектеулерге байланысты болды. ЕО да өз кезегінде Қытайға ТШИ көлемін азайтты. 2020 жылы ЕО-дан Қытайға тікелей шетелдік инвестиция 4%-ға азайып, шамамен 8 млрд долларды құрады. Кейін инвестицияларды тартатын секторлар өзгеріске ұшырады. Пандемия инвестициялық преференциялардың өзгеруіне әкелді. Кейбір жағдайларда денсаулық сақтау және цифрлық секторлар көбірек қаржы тартты. Мысалы, Қытайда пандемия кезінде денсаулық сақтау, биотехнология және цифрлық қызметтерге инвестиция артты. Сонымен қатар, пандемия халықаралық транзакцияларды қысқартып, қосылулар мен сатып алулардың баяулауына әкелді. 2020 жылы Қытай мен ЕО арасындағы транзакциялар көлемі 25%-ға қысқарып, шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бұл белгісіздікке, сұраныстың төмендеуіне және пандемиядан туындаған қаржылық қиындықтарға байланысты орын алды. Пандемия цифрлық экономиканың өсуі мен цифрлық инвестициялардың тартымдылығын арттырды. Қытай мен ЕО-да электронды коммерция, онлайн төлемдер, бұлттық қызметтер және қашықтан қол жеткізу технологияларымен байланысты секторларға инвестицияның артуы байқалды.

### Қорытынды

Қытай мен ЕО арасындағы инвестиция күрделі және серпінді процесс екенін атап өту маңызды. Болашақта Қытай мен ЕО арасында инвестиция мен қаржыландыруды дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер болатыны сөзсіз. Салыстырмалы күштілік тұрғысынан ЕО өнеркәсіптік технологияларды жинақтау және өндірістің жетілу артықшылығына ие. Жан-жақты келісім мен серіктестік Қытай мен Еуропа арасындағы инвестиция тосқауылдарын одан әрі азайтып, қытайлық кәсіпорындардың тиісті салалардағы инвестициясын кеңейтуге, Қытай мен Еуропаның жоғары технологиялық өндірістегі ынтымақтастығын тереңдетуге

мүмкіндік береді және Қытайдың жоғары технологиялық өндірістегі болашақ дамуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта ЕО-ның көптеген елдері індеттің салдарымен күресуде. Қытай рецессиядан бірінші болып қалпына келді, бұл Қытай мен Еуропа арасындағы сауданың кеңеюіне әкелді. Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісімге қол қою, сондай-ақ екі жақтың экономикалық ынтымақтастығын кеңейту ЕО экономикасының қалпына келуіне және Қытайдың сапалы өсуіне ықпал етеді.

Қытай мен ЕО арасындағы инвестицияны талдауда тараптар үшін мүмкіндіктер мен қауіптері анықталды:

- Нарық және сұраныс: Қытай әлемдегі ең үлкен нарық және ЕО ең ірі аймақтық нарықтардың бірі болып табылады. Олардың арасындағы инвестициялау үлкен тұтынушы базасына қол жеткізуге және компаниялар үшін өсу мүмкіндіктеріне жол ашады.

- Бірін-бірі толықтыру: Қытай мен ЕО бір-бірін толықтыра алатын әртүрлі күшті және экономикалық секторларға ие. Қытай төмен өндіріс құны мен күшті өндірістік база ұсына алады, ал ЕО озық технологияға, инновацияға және жоғары сапаға ие.

- Инфрақұрылым және көлік: Қытай өзінің көлік инфрақұрылымын, соның ішінде теңіз және теміржол бағыттарын белсенді түрде дамытуда, бұл Қытай мен ЕО арасындағы жақсы байланыс пен логистикаға ықпал етеді. Бұл сауда мен инвестицияны арттыруға мүмкіндіктер туғызады.

- Ғылыми-зерттеу және инновация саласындағы ынтымақтастық: Қытай мен ЕО білім алмасуға және бірлескен жобаларды құруға ықпал ететін зерттеулер мен инновациялар саласында ынтымақтасады. Бұл екі тарапты да байытатын жаңа технологиялар мен шешімдердің дамуына әкелуі мүмкін.

Келетін қауіп-қатерлерді айтатын болсақ:

- Құқықтық және реттеуші жүйелердегі айырмашылықтар: Қытай мен ЕО заңдық, реттеуші және іскерлік тәжірибеде айырмашылықтарға ие, бұл басқа аймаққа инвестиция салатын компаниялар үшін кейбір қиындықтар мен белгісіздік тудыруы мүмкін.

- Геосаяси факторлар: Қытай мен ЕО арасындағы геосаяси шиеленіс инвесторлар үшін белгісіздік пен тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Сауда даулары, саяси келіспеушіліктер немесе сыртқы саяси

ортадағы өзгерістер инвестициялар мен іскерлік операцияларға әсер етуі мүмкін.

• Зияткерлік меншік және деректерді қорғау: Зияткерлік меншік пен деректерді қорғау Қытай мен ЕО арасындағы инвестицияның маңызды мәселесі болып табылады. Киберқауіпсіздік, авторлық құқықтың бұзылуы және ақпаратты теріс пайдалану туралы сұрақтар компаниялар үшін қауіп төндіруі мүмкін.

• Ұлттық ережелер мен шектеулер: Қытай мен ЕО инвестицияға және нарыққа қол жеткізуге кедергі келтіруі немесе шектеуі мүмкін ұлттық ережелер мен шектеулерді қолдануы мүмкін. Бұл лицензиялауды, бағаны, қауіпсіздік ережелерін және оқшаулау талаптарын қамтуы мүмкін.

Қытай ашықтық пен инклюзивтілік қағидаттарын ұстанып, дамушы елдермен экономикалық одақтарды батыл нығайтып, бәсекелестік пен ынтымақтастық арқылы «Жаһандық қақпаға» қосылуын басқаруы керек. Бір жағынан, Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы

инфрақұрылымдық жобалардың сәйкестігін белсенді түрде ілгерілетіп, қытайлық кәсіпорындарды халықаралық ережелерге сай сауда-саттыққа, сатып алуға, инфрақұрылымдық жобаларды салуға және пайдалануға бағыттап, жобалардың ашықтығын арттыруға ынталандыруы керек, әлеуметтік жауапкершілікте жетекшілік етіп және қабылдаушы елдердегі адамдар көбірек пайда көруі үшін көбірек шетел жобаларын жасау маңызды. Екінші жағынан, «Бір белдеу, бір жол» құрылысы бойынша халықаралық ұйымдармен және ЕО-мен ынтымақтастықты тереңдетуді, ЕО-мен және Франция, Германия және Италия сияқты басқа да ірі мүше мемлекеттермен саясатты үйлестіруді күшейтуді, ынтымақтастықтың қолданыстағы тетігін пайдалануды жалғастырған жөн. Қытай мен ЕО арасындағы үшінші тарап нарығында Қытай кәсіпорындары мен «Жаһандық қақпа» жобасы арасындағы үшінші тарап нарығында ынтымақтастықтың орындылығын зерттеп, үлгілік жобаны құруға тырысу керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Alexander Chipman Koty. European Parliament Votes to Freeze the EU-China Comprehensive Agreement on Investment [Электрон.ресурсы]. – 2021. – URL: <https://www.china-briefing.com/news/european-parliament-votes-to-freeze-the-eu-china-comprehensive-agreement-on-investment/> (қаралған уақыты: 06.12.2022).
2. 中欧投资协定的影响和意义 (Қытай-ЕО инвестициялық келісімінің әсері мен маңызы). – Қытай: КРМГ, 2021. – 8 б.
3. 吴昊, 杨成玉. 欧盟“全球门户”战略及其对“一带一路”倡议的影响 (Бу Хао, Ян Чэньюй. ЕО-ның «Жаһандық қақпа» стратегиясы және оның «Бір белдеу, бір жол» бастамасына әсері). – Қытайдың Ұлттық әлеуметтік ғылым қоры, 2022. – 20 б.
4. Mark Kane. China: Nearly 100,000 Plug-In Electric Cars Were Sold In August 2020 [Электрон.ресурсы]. – 2020. – URL: <https://insideevs.com/news/444628/china-100000-plugin-sales-august-2020/> (қаралған уақыты: 09.12.2022).
5. Stuart Lau, Hanne Cokelaere. EU launches 'Global Gateway' to counter China's Belt and Road [Электрон.ресурсы]. – 2021. – URL: <https://www.politico.eu/article/eu-launches-global-gateway-to-counter-chinas-belt-and-road/> (қаралған уақыты: 09.12.2022).
6. Barbara Carvalho Neves. Global Gateway: the European strategy for boosting worldwide connectivity [Электрон.ресурсы]. – 2022. – URL: <http://observatorio.repri.org/2022/06/28/global-gateway-the-european-strategy-for-boosting-worldwide-connectivity/> (қаралған уақыты: 10.12.2022).
7. China-EU - international trade in goods statistics [Электрон.ресурсы]. – 2022. – URL: [https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=China-EU\\_-\\_international\\_trade\\_in\\_goods\\_statistics#:~:text=in%20Figure%205.-,In%202021%2C%20China%20was%20the%20third%20largest%20partner%20for%20EU,and%20Russia%20\(4.1%20%25\)](https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=China-EU_-_international_trade_in_goods_statistics#:~:text=in%20Figure%205.-,In%202021%2C%20China%20was%20the%20third%20largest%20partner%20for%20EU,and%20Russia%20(4.1%20%25)) (қаралған уақыты: 11.12.2022).
8. Chris Devonshire-Ellis. The EU's Global Gateway: A Belt & Road Alternative? [Электрон.ресурсы]. – 2021. – URL: <https://www.silkroadbriefing.com/news/2021/09/22/the-eus-global-gateway-and-why-ursula-von-der-leyen-is-wrong-about-chinese-infrastructure-builds/> (қаралған уақыты: 13.12.2022).
9. Simone Tagliapietra. The Global Gateway: a real step towards a stronger Europe in the world? [Электрон.ресурсы]. – 2021. – URL: <https://www.bruegel.org/blog-post/global-gateway-real-step-towards-stronger-europe-world> (қаралған уақыты: 17.12.2022).

10. "Global Gateway: The European Geopolitical Project to Rival China" [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://atlas-report.com/global-gateway-the-european-geopolitical-project-to-rivalchina/> (қаралған уақыты: 20.12.2022).

**Ж.А. Жұмағалиева, Г.У. Биримкулова**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Вопросы инвестиций в отношениях между КНР и ЕС**

**Аннотация.** В статье рассматривается роль прямых инвестиций в сотрудничестве между Китаем и странами-членами ЕС. Роль Китая как глобального инвестора и финансиста быстро росла в последние десятилетия. Двустороннее инвестиционное соглашение открывает широкие возможности для обеих сторон. В настоящее время сотрудничество в этой сфере регулируется двусторонними соглашениями между государствами. Кроме того, сегодня Китай активизирует продвижение инициативы «Один пояс, один путь», одной из конечных целей которой является Европа. Однако несколько возросшие инвестиции КНР в Европейский Союз вызвали много споров. Это подчеркивает стремление Китая захватить европейскую экономику. Цель работы - проанализировать инвестиционную политику Китая и стран Европейского союза и определить ее особенности. При написании статьи использовались качественный, количественный и сравнительный анализы научных исследований. В ходе исследования была изучена история развития инвестиционных отношений двух сторон и проанализировано ее современное состояние. В последние годы авторы сосредоточили внимание на инициативе «Глобальные ворота», направленной на замедление влияния Китая в Европейском Союзе. Эта статья направлена на тщательное изучение взаимосвязи между китайскими инвестициями в Европе и влиянием Китая в регионе.

**Ключевые слова:** Китай, Европейский Союз, инвестиционное соглашение, «Один пояс, один путь», «Глобальные ворота», «16+1».

**Zh.A. Zhumagaliyeva, G.U. Birimkulova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Investment issues in relations between the PRC and EU**

**Abstract.** The article discusses the role of direct investment in cooperation between China and EU member states. China's role as a global investor and financier has grown rapidly in recent decades. The bilateral investment agreement opens up great opportunities for both parties. Currently, cooperation in this area is regulated by bilateral agreements between states. In addition, today China is stepping up the promotion of the "One Belt, One Road" initiative, one of the ultimate goals of which is Europe. However, China's somewhat increased investment in the European Union has generated much controversy. This highlights China's desire to take over the European economy. The purpose of the work is to analyze the investment policy of China and the countries of the European Union and determine its features. When writing the article, qualitative, quantitative and comparative analyzes of scientific research were used. In the course of the study, the history of the development of investment relations between the two parties was studied and its current state was analyzed. In recent years, writers have focused on the "Global Gate" initiative to slow down China's influence in the European Union. This article aims to carefully examine the relationship between Chinese investment in Europe and Chinese influence in the region.

**Keywords:** China, European Union, investment agreement, "One Belt, One Road", "Global Gateway", "16+1".

### **References**

1. Koty A.C. European Parliament Votes to Freeze the EU-China Comprehensive Agreement on Investment [Electronic resource]. – 2021. – URL: <https://www.china-briefing.com/news/european-parliament-votes-to-freeze-the-eu-china-comprehensive-agreement-on-investment/> (Accessed: 06.12.2022)

2. Qytai-EO investicijalıq kelisiminin aseri men manyzy [Impact and Significance of Investment Agreement Between China and EU]. (China, KPMG, 2021, 8 p.), [in Chinese].
3. Hao W., Chengyu Y. EO-nyn «Zhakhandyq qaqa» strategıjasy jane onyn «Bir beldeu, bir zhol» bastamasyına aseri).- Qytaidyń Ulıtyq aleumettik gylım qory [The EU Global Gate Strategy and Its Impact on the Belt and Road Initiative. – National Social Science Foundation of China], 2022, 20 p. [in Chinese].
4. Kane M. China: Nearly 100,000 Plug-In Electric Cars Were Sold In August 2020. Available at: <https://insideevs.com/news/444628/china-100000-plugin-sales-august-2020/> (accessed 09.12.2022)
5. Lau S., Cokelaere H. EU launches 'Global Gateway' to counter China's Belt and Road. Available at: <https://www.politico.eu/article/eu-launches-global-gateway-to-counter-chinas-belt-and-road/> (accessed 09.12.2022).
6. Carvalho Neves B. Global Gateway: the European strategy for boosting worldwide connectivity. Available at: <http://observatorio.repri.org/2022/06/28/global-gateway-the-european-strategy-for-boosting-worldwide-connectivity/> (accessed 10.12.2022).
7. China-EU - international trade in goods statistics. Available at: [https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=China-EU\\_international\\_trade\\_in\\_goods\\_statistics#:~:text=in%20Figure%205.-,In%202021%2C%20China%20was%20the%20third%20largest%20partner%20for%20EU,and%20Russia%20\(4.1%20%25\)](https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=China-EU_international_trade_in_goods_statistics#:~:text=in%20Figure%205.-,In%202021%2C%20China%20was%20the%20third%20largest%20partner%20for%20EU,and%20Russia%20(4.1%20%25)) (accessed 11.12.2022).
8. Devonshire-Ellis C. The EU's Global Gateway: A Belt & Road Alternative? Available at: <https://www.silkroadbriefing.com/news/2021/09/22/the-eus-global-gateway-and-why-ursula-von-der-leyen-is-wrong-about-chinese-infrastructure-builds/> (accessed 13.12.2022).
9. Tagliapietra S. The Global Gateway: a real step towards a stronger Europe in the world? Available at: <https://www.bruegel.org/blog-post/global-gateway-real-step-towards-stronger-europe-world> (accessed 17.12.2022).
10. "Global Gateway: The European Geopolitical Project to Rival China" Available at: <https://atlas-report.com/global-gateway-the-european-geopolitical-project-to-rivalchina/> (accessed 20.12.2022).

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Жұмағалиева Жанерке Әлібекқызы* – Халықаралық қатынастар факультетінің 1-ші курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Биримкулова Гульнар Усербаевна* – Ph.D., Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Жұмағалиева Жанерке Алибекқызы* – магистрантка 1 курса факультета международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

*Биримкулова Гульнар Усербаевна* – Ph.D., и.о. доцента кафедры востоковедения, факультет международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

*Zhumagaliyeva Zhanerke Alibekkyzy* – 1<sup>st</sup> year Master student of the Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Birimkulova Gulnar Usserbayevna* – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.